

---

---

## ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

Б.ҚОРҒАНБЕКОВ

### «ЕДІГЕ БАТЫР» ЭПОСЫНДАҒЫ РУХАНИ РӘМІЗДЕР ГЕРМЕНЕВТИКАСЫ

*В статье говорится о духовных символах в эпосе «Едиге батыр», которые позволяют полностью охватить исторический процесс того времени, и играют роль в особенности и своеобразии художественного характера эпоса.*

*Yazar, “Edige batur” destanı için asıl kaupnak olan tanrıları süreçleri kapsayan ve destanın poetik açısından büyük önem taşıdığını açıklayan şapenin semboller üzerinde inceleme yapmıştır.*

«Едіге батыр» эпосы – түркі халықтарының эпикалық дәстүріндегі қайталанбас құбылыс. Ол қазақ эпостарының ішінде де өзіндік дара сипаттарымен қоқшауланады. Жырдың тарапу аймағы да өзгеше кең. Оның даралық сипаттары эпикалық дәстүрге көп бейімделмегендігінен хабар бермек. Жырдың ұлттық нұсқаларын салыстыра қарағанда, оларға ортақ сарындар мен сюжеттік желілердің, образдардың молдығын аңғарамыз. Бірақ, салыстырмалы түрде, оның өзге жырлармен «ортак тұстары» аз. «Едігенің» эпикалық дәстүрге икемделу жағдайы кем болғанымен, оның бұл дәстүрге тиғізген әсер-ықпалы өте зор. Қолтеген жырлардың бейнелер жүйесінен, сарындарынан, тілдік формулаларынан «Едігеден» алғынған үлгілерді байқауга болады. Тіпті оның өзінен әлдеқайда бүрын пайда болған «Алшамыс батыр» жырына да тәсірі тиғені аңғарылады. Жырдың осы қасиеттерін туғызуши өзіндік себептері де жоқ емес. Бұл, бірінші кезекте, жырға арқау болған оқиғалардың тарихи маңыздылығынан болса, олардың маңыздылыққа ие болуы сол тұстағы түркі әлеміндегі рухани үдерістермен тікелей байланыстырылғында. Осыған орай, жырда рухани рәміздер (символдар) көп.

«Едігенің» жанраалық белгі-қасиеттері де мол. Бұган оны зерттеген галымдардың токталмағаны кемнен кем. Мәсслен, осы жөнінде академик Р.Бердібай: «Жырдың түрлі нұсқаларының оқиғалық, құрылыштық жағында бірсызыра ерекшеліктер кездесуі оның әуел баста аңыз-әнгіме түрінде айтылып, елден елге тарап келгендейтін, ертегілік, әпсаналық сарындар оған кейінірек қосылғанын сездіреді» [1, 171], – десе, бұл жыр бойынша кандидаттық диссертация қорғаған Е.Магауин: «Мифологиялық эпизодтар мен сарындардың біршама салмағы барына қарамастан жырдың архитектоникалық бітімі біртұтас болып шыққан. Оның негізгі себебі – жырдың композициялық құрылымында басы артық, бөгде мүшелер жоқ, ежелгі миф те, нақты тарих та, дәстүрлі эпос сарындары да жырдың негізгі идеялық тұғырына орайлас трансформацияға түсken, көркемдік екшеуден өткен» [2, 109], – дейді. Жырдағы кереметтік элементтердің біршамасы біз айтқан рухани рәміздермен байланысты. Сөз өнеріндегі рәміздің атқаратын ең басты қызметі – тұтас идеялар жүйесін жеткізу, бейне мен идеяны біріктіру [3, 400]. Әрине, бұл мағынадағы рәміз теориялық саналылықпен

жаңашылдық тұғызуға тырысатын көркем модальдылық поэтикасына, яғни қазіргі жазба әдебиетке тән. Ал фольклордағы рәміз шыгармашылық иесінің еркінен тыс та қалыштаса бермек. Нақтырақ айтар болсақ, әуел баста жырды тудырушылыр тарапынан өмірдің нақты шындығы ретінде сомдалған бейнелер уақыт ете келе, қогамдық санадағы өзгерістерге байланысты, басқаша реңкке көшіп, рәміздік сипат ала бастаған.

«Едігенің» Шыңғыс, Шоқан Уәлихановтар нұсқасының әулие мен пері қызынан туған бас қаһарманды «Ніл дариясының басынан, Құмкент шаһарының қасынан» [4, 10] тауып алу эпизодындағы Африка мен Қазақстан жеріндегі жер-су аттарының біріктірілуін зерттеушілер әпикалық жинақтау белгісі деп көрсеткенін асығыс жасалған болжам демек ләзім. Өйткені әпостың қеңістіктік концепциясы бойынша, мұндай жинақтауда батырдың жүрген жолының қыындығын сезіндіру сияқты қандай да бір көркемдік мақсат болары сөзсіз [5, 126-127]. Ал мұндағы Ніл мен Құмкентті біріктіруден мұндай айрықша мақсат сезілмейді. Егер жырлаушылар қаһарманның пері қызынан туғандығына орай, оны өзгеше мифологиялық қеңістікте дүниеге келген деп көрсеткісі келсе, онда нақты жағрапиялық мекенді емес, фольклорлық дәстүр бойынша, Қап тауын немесе алты қабат аспанның аргы жағын, жеті қабат жер астын алған болар еді. Мұндағы гәп басқада. Бұл жердегі әңгіме, діни таным бойынша, уақыт пен қеңістікті бағындыра білген рухани ілім иесіне қатысты. Жырдағы пері қызына үйленетін Баба Тұкті Шашты Әзіз – жазба мәнбелерде Баба Тухлас, Садыр ата деген аттармен белгілі әулие. Оның ұстазы – Зенгі баба, оның ұстазы – Сүлеймен Бақырғани, оның ұстазы – Қожа Ахмет Ясауи. Демек Баба Тұкті Шашты Әзіз – Ясауи ілімінің ірі екілі. Халық бұл әулиелердің барлығын уақыт пен қеңістікті менгерген рухани ілім иесі деп санаған. Қожа Ахмет Ясаудің немере ініci Сафи ад-дин Орын Қойлақы арқылы жеткен «Насабнамада»: «Қожа Ахмад Йасауи [рахмат Аллах ‘алайхи] намаз-и бамдадының суннатыны Йасыда қылыб, фаризасыны Ка‘бада қылтур ерділар, уа һам Сарыйамда қылтур ерді. Уа тағы адина намазыны Йасыда қылыб уа Хизр бірла Ка‘бада қылтур ерділар, уа һам Сарыйамда қылтур ерділар, уа ‘ид намазыны һам ошандарға [6, 29]. Мұнда Қожа Ахмет Ясаудің қысқа уақыт ішіндегі таң намазының сұндеті мен парызын әлемнің екі қызырындағы жерлерде екі бөлек оқығаны ғана емес, жұма намазы мен айт намаздарын бір мезгілде бірнеше жерде атқақарғаны баяндашып тұр. Айтушы бұл ақпаратты бізге шындық ретінде жеткізіп тұр. «Едіге батырдағы» Ніл мен Құмкенттің біріктірілуі де әуел баста осындағы шындық ретінде айтылған ақпарат деп есептегеніміз жөн. Қадыргали Жалайыри еңбегінде Едігенің аргы бабасы Һармаздың Мысырда патша болғаны айтылады. Сондай-ақ Жалайыри Едігенің басқа да бабаларының Сарсарада, Мәдинада, Қағбада, Константинопольде патшалық құрғандығын баян етеді [7, 254]. Бұл ақпараттың тарихи шындыққа қаншалықты қатысты екенін әлі терендей зерттеу керек. Бірақ осы шындықты

## **Корғанбеков Б. «Едіге батыр» эпосындағы рухани рәміздер...**

куәландыратын бәзір айғақтар зерттеусіз-ақ көзге түсстіні рас. Мәселен, Ніл өзені бойында сопылық ілімге қатысты және түркілік, әсіресе, қазақша жер-су атауларының көптеп кездесуін осы ретте атап өтпек ләзім. Нілдің құйылысына жақын орналасқан, сопылық ілімге тікелей қатысты Әл-Хикма [8, с1/218] сияқты атаулар бар. Бұлак [8, d2/218], Барыс [8, d3/218] тәрізді түркілік атаулар аз емес. Әрине, мұны Мысырдағы мәмлүктегер билігімен байланыстыруға да болар еді, бірақ бұл жерде Қазақстаннның Қаратай өңіріндегі топонимдерді еске түсіретін атаулардың молдығы олардың Қожа Ахмет Ясауи ілімі өкілдерінің ықпалынан тұгандығына мегзейді. Мәселен, Түркістан төңірегіндегі Қарнақ, Шорнақ, Шобанақ, Жұтенек, Сұнақ (Сығанақ) атауларымен үндес Ніл бойындағы Финақ [8, d2/218], Әл-Құрнақ [8, d9/136], Акаша [8, d3/218] (Қаратауда Укаша ата) атауларын және бір өзеннің Абай аталуын [8, f4/217] осының мысалы ретінде айтуда болады. Демек Ніл бойында бір кезде Құмкент атауының да болуы ғажап емес.

Сондай-ақ Баба Тұхлас сияқты рухани ілім иелері Қаратай өңіріне, Құмкент маңына Ніл бойындағы атауларды да алыш келген болуы ықтимал. Оңтүстік өнірдегі аңыз-әпсаналарды зерттеген А.Дүйсенбі осыған қатысты қызық бір дерек жазып алған. Онда былай делінеді: «Құмкент қаласының орны Шолақкорған қыстағының шығысында 45 шақырым жерде болған, онда «Құмкент» колхозы бар. Баба Тұкті Шашты Әзіздің өзені соның қасынан агады. Құмкенттің солтүстік шығысында Қаракөл атты үлкен көл бар. Айналасы қалың қамыс. Қазір сұы азайған, тартылған. Құмкенттің батысында (15 км жерде) Қызыл көл дейтін көл бар. Мұның да сұы тартылған. Қазір тұз кени. Мұның кемері-жары қызыл топырақ, жосалы болыш келеді. Қазақтар осының қызыл топырағын алыш, үйінің іргесін сырлайды. Мұны қазақтар «ніл бояуы» дейді. Сол себепті көлдің атын бұрын «Ніл» деп атаған. Бүтінде жүрт: «Нілге барамыз», – деп айта береді. Пері қызының «Ніл» қасына тастан кеткен баласы Едігенің тұган жері осы. Қызыл көлде отырған Орта жұз Тутаңбалы Едігенің тұган жері осы Ніл көлі деседі» [9]. Бұдан Ясауи жолы өкілдерінің Қаратай өңірі атауларын Мысырдағы Ніл бойына да, ондағы атауларды Қаратаяға да алыш келуі мүмкін екенін аңғарамыз. «Ніл бояуы» деген атаудың Ніл өзеніне байланысты тууы ғажап емес. Осылайша, бір кезде шындық ретінде айтылған әулиелердің бір-бірінен шалғай жатқан мезгіл мен мекенді еркін аралауы жөніндегі түсініктің «Едіге» жырындағы ізі уақыт өте келе осы ақпаратты жеткізуші рәміздік мәнге ие болған. Тындаушы жырдағы әлемнің екі қырындағы жағрапиялтық атаудың біріктірілуін әулие кереметін білдіруші белгі ретінде қабылдары сөзсіз.

Жырдағы келесі бір рәміздік мән алған бейне – қыран құс. «Едігенің» Батыс Қазақстанда, Сыр бойында жырланған нұскаларында (Мұрын жырау, Аякеш Өмірзақов, Нұртуған варианты) Тоқтамыс пен Сәтемір хан арасындағы қырғи қабақ қатынас қыран құстың жұмыртқасынан басталады. Бұл сарын жырдың ногай [10], татар [11] нұскаларында да бар. Осы сарынның тарихи негізі бар-жоқтығын тап басып айту қын. Әрине, ерте

дәүірлерде, орта ғасырларда да қыран құстың мемлекеттік мән иеленгені рас. Бұл кезде ол дипломатиялық қатынастың маңызды құралына айналған. Марко Поло жазбасында Құбылай ханның 500 ақ сұнқары және басқа да алғыр құстары болғаны, оған он мың құсбеті ұстағаны баяндалады. Жошының да үш мың бүркітшісі болған. Абылай хан да 500 бүркіт, 300 қаршыға мен сұнқарды иеленген. V Карл бірнеше сұнқар үшін Молото аралын беріп жіберген [12]. Бірақ тарихи Тоқтамыс пен жырдағы Сәтемірдің түп тұлғасы Әмір Темірдің арасындығы араздыққа құстың қатысы бар екенин күзеландыратын ешқандай тарихи дерек жоқ екені белгілі. Алайда ол екеуінің арасында бітіспес күрестің болғаны рас. Оның себебін тарихшылар басқаша көрсетеді. Бұл жөнінде қөнілге қонымды пікір білдірген тарихшының бірі – З.Жандарбек. Ол Тоқтамыстың Әмір Темірмен жауалық көзқарасының туусы оның рухани ілімге деген қатынасынан деп көрсетеді. Тоқтамыс туралы: «Ол әртүрлі діни ағым соңына ерген халық өзінің дәстүрлі мәдениеті мен мемлекеттілігін сақтап тұра алмайтындығын түсінбеді. Ол керісінше, өзін таққа көтеріп, тәбесіне хан көтерген халықтың рухани мәдени болмысының өзегі болған Ясауи жолына қарсы шықты» [13, 194], – десе, Темір туралы: «Әмір Темірді йасауийа шайхтарының таққа отырығызғандағы мақсаты – бұрын Шыңғыс хан ұрпақтары билеген аймақтарды тәртіпке келтіріп, түркілердің рухани-мәдени бірлігін қайта қалыптастыру еді. Әмір Темір де өзінің алдына қандай міндет қойылғанын толық сезінді және сол мақсат үшін, Шыңғыс хан империясын қайтадан қалпына келтіру үшін қолынан келгеннің бәрін жасады» [13, 186-187], – дейді. Расында да тарихи Тоқтамыс 1396 жылы (бір деректерде 1388 жылы) Ясауи кесенесін киратып, тонаған болатын. Бұған дейін оған қолдан келген бар жақсылығын жасап, қолдан-қуаттап, қайта-қайта таққа отырығызумен келген Әмір Темірдің осыдан кейін онымен бел шешіп соғысып, әскерін аяусыз талқандауынан З.Жандарбек пікірінің растиғын аңғарамыз.

Үлкен екі билеуші арасындағы күрестерге себеп болған Ясауи ілімінің «Едігедегі» образдық параллелінің қыран құс (нақтырақ айтқанда, қыран құстың жұмыртқасы) болуы да тегін емес. Осы тұста Әмір шындығын фольклорлық тұрғыда игерудің өз заңдылықтары барын ескеруіміз керек. Жоғарыда айтылған аса күрделі тарихи үдерістің қыр-сырын жан-жақты жеткізіп беру – қазіргі ғылым салаларының үлесіне тән іс. Ал фольклор туындысы тарихи үдерістерді талдамайды, оның жалпы салдары мен әсерін көркем бейнемен жеткізеді. Бейнеленетін Әмір шындығы күрделі болған сайын фольклор да жинақтаушылық қабілеті мол белгі (образ) – рәміздерге көбірек жүгінеді. Бұл орайда жырдың Тоқтамыс пен Сәтемір жауалығының басты себебін қыран етіп көрсетуі әбден заңды. Алайда басқа емес, дәл осы қыран құстың рәміз ретінде алынуы да кездейсоқ емес. Ясауи ілімі – қазақ халқы үшін ең киелі құндылық. Өйткені ол барлық бітім-болмысының, рухани-мәдени, тіпті материалдық та тыныс-тіршілігінің өзегі. Осындай қасиетті құндылықтың жырдағы рәміздік бейнесі де киелілікпен байланысты

## **Корғанбеков Б. «Едіге батыр» эпосындағы рухани рәміздер...**

алынары анық. Қазақ халқы ғана емес, әлемнің көптеген халықтары алғыр құсту киелі деп санаған. Бақты, құтты халық құс бейнесінде елестеткен. Оған тіліміздегі көптеген концептілер күз. «Ер жігіттің қайғысын қыран бүркіттің қияғы, жүйрік аттың тұяғы кетіреді» деген мақалдар мен «Қыранның өлімін бер» деген тілек-дұғалар бар. Өлген құстың иесіне «Ат өледі, құс қашады, екі қанат бір құйрық табылар, ажалы жетсе, бәрі өледі» деп көңіл айтатын болған. Өлген құстың қанат-құйрығына май жағып, адам аяғы баспайтын жерге арулап көмген. Құсберілер өлген құсына жоқтау айтатын болған. Адам қайтыс болғанда оның рухын Құдайға бүркіт жеткізеді деген түсінік те бар.

Жоғарыда сөз болған хан-сұлтандардың сансыз көп құс ұстаян тек қана саятшылықпен байланыстыру қысынсыз. Соңшама мол құсты бір мезгілде саятшылыққа алыш шығу да мүмкін емес. Бұл жердегі мәселе құстың киелі саналғанында, ол жаманшылықты жолатпайды деген мистикада. Бұған халқымыздың «Бүркіт бір сілкінсе, мың пәле кетеді» деген мақалы дәлел бола алады. Соңдай-ақ бұрын психологиялық ауруларды басына бүркіт қондырып емдейтін болған. Эйелдер босанар кезде де толғақты жеңілдету үшін бүркіттің қанатымен желшітетін болған. Халықтың таным бойынша, қыран құс жаманшылықты қуушы ғана емес, жақсылық әкелуші деп те саналған. Қазақ үйге қыран құс келгенде Қызыр бабаның сыйлығы деп, үйге бақ келді деп шын жүректен қуанатын болған. Соңдықтан да бүркітке әрдайым сәлем берген. Бұл айғақтар хандардың сансыз көп қыран ұстаяның бейбіт заманда елге құт әкеледі, жаугершілік кездерде қарсы жақтың бақсы-шамандарының магиялық әрекетіне тосқауыл болады деген түсініктен туған дәстүр екенин білдіреді. Бұл қасиет Ясауи іліміне де тән екені де айқын. Қалай да құс ұстай дәстүріне мемлекеттік тұрғыда мән берілген. Мәселен, ескі аңызда Шыңғыс хан өзін хан сайлаған Майқы биге: «Бұдан былай ұраның – салаут, құсың бүркіт, ағашың – қарағаш, таңбаң – сүргі болсын», – десе, Санғыл биге: «Ұраның – қоңырат, құсың қыран, ағашың – алма ағаш, таңбаң – ай болсын», – деген [14, 20].

Рухани ілімді, нақтырақ айтқанда, хал-хикмет ілімін «Едіге» жырында қыран құс рәмізімен беру киелілік ұғымымен байланыстылығымен ғана емес, Қожа Ахмет Ясауи тұлғасына тікелей қатыстылығынан да туған. Сүлеймен Бақырғани шығарған деп айтылып жүрген хикметте Ясаудің лашын, сұңқар ұстаганы айтылады [15, 144]. Кейбір зерттеушілер мұны Ясаудің шұғылданған кәсібі деп көрсеткісі келеді. Біздіңше, бұл хикметтегі қыран құс та тұра мағынада емес, рәміздік мәнде жұмсалып тұр. Бұрын қолына құс ұстаган тұлға жауынгер ретінде сипатталатын болған. Мұның жарқын мысалын «Шора батыр» жырынан көре аламыз. Бұл жырдың көптеген ұлттық нұсқаларында Қазанды жаудан құтқаруға бара жатқан Шораның қолында сұңқар болады. Жаумен соғысқа аттанған батырдың қыран құс ұстаяу кездейсоқтық емес.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің де жауынгерлік рухпен байланысын айтқан зерттеушілер бар. Мысалы, Т.Есембеков Ясауи хикметтерінде

қаһармандық сарынның болуы әбден заңды екенине мегзей отырып, одан әрі: «Өйткені әрбір пендеден өз бойындағы азамат атаулыға тән жауларын жеңу, яғни ынсан пен ындынның айқасын қанағатшылдық тақуалық, аскеттік пайдасына шешу батырға тән күш-жігерді талап ететіні сөзсіз» [16, 49], – дейді. Ясауитанушы Д.Кенжетай да осымен орайлас ой айтады: «Йасауи көшпелінің рухындағы жауынгерлік, курескерлік қуатты қызын әрі негізгі күреске бағыттауға тырысады» [17, 105]. Ясауи хикметтерінде шайтан және нәпсімен курсес те соғыс, ұрыс сипатында бейнеленеді. Бұған мысал ретінде «Лашкар тузаб шайтан бирла мен уриштим», «Ниммат берсан шум нафсимга урсам табар», – деген сияқты жоғарыда мысал етілген жолдармен бірге, «Құл Қожа Ахмад, нафсини тифтим, нафсини тифтим» [18, 147], «Дунния ғақыбы харам қылыб, ианчиб тебтим» [18, 151], «Ит нафсини үлдирур, қизил изузин сұлдирур» [18, 200], «Рузи қылды ғазазилни тутиб миндим, Ланкар туриб белин басыб ианыштым мана» [18, 132] деген тармақтарды айтса болады. Бұл жолдардың Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың «үлкен соғыс» деп атаған күресін сопылардың рухани даму жолындағы курсес деп ұғынатындығына [19, 40-41] байланысты туганы анық. Әмек Бақырғанидың өз ұстазын дәріптеген хикметтіндегі қыран құс та рухани курсес құралының рәмізі деуге негіз бар. Сопылық жолдағы бұл күрес құралы – зікір. Бұл ақықтты кейінгі ақын жыраулар да айтқан. Мысалы, Ақтан Керейұлы осы жөнінде:

Зікірмен зарлап түн қатып,  
Нәпсісін шапқан балталап.  
Шайтанды сесепен қашырған,  
Көкірек көзі ашылған [20, 193], –

деп жырлайды. «Едіге батырдағы» қыран жұмыртқасы – Бақырғани қолданған осы бейненің дәстүрлі жалғасы.

Жырдағы рәміздік мән алған келесі бір бейне – Сыпыра жырау. Қазіргі кезде Сыпыра жырауды өмірде болған нақты тұлға ретінде әдебиет тарихында қарастырып жүр. Бір кезде Ә.Марғұланның Ибн Баттута жазбасына айтылған Сарайшықтағы дана қартты Сыпыра деп болжағаны да [21, 75] шындықтан алыс емес. Бірақ «Едігеде» бұл бейненің жалпылық сипат алғаны рас. Е.Мағауиннің: «Жырда Сыпыра тарихи тұлға емес, тарихтың тірі күесі ретінде көрінеді» [2, 71], – дегені осыған орай айтылған. Сыпыра – көптеген қаһармандық жырларға ортақ эпикалық бейне. Ол туралы бірде «Бір жұз сексен жасаған» делінсе, бірде «Үш жұз сексен жасаған» деп айтылады. Бұл – ерекше рухани миссия жүктелгендейтін, ұзақ жасайтын, соған байланысты ислам әлемінде «му’аммарун» деп аталағын адамдар туралы хикаялардың үлгісінде жасалған образ. Мұның жарқын үлгісін Ясауи жөніндегі хикаялардағы Арыстан бап бейнесінен көре аламыз. Арыстан бап туралы ақыздардың мазмұны Қожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерімен де көп сәйкес келеді. Халық аузындағы әңгімелерде және Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде оның ұстазы Арыстан бап (Арслан баба) – Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымыздың аманат ретінде тапсырған құрмасын ұзақ ғұмыр кешіп,

## **Корғанбеков Б. «Едіге батыр» эпосындағы рухани рәміздер...**

аманат иесі болған жас Ахметке тапсырушы рухани тұлға. Көптеген зерттеушілер Арслан бабаның 340 жас жасағанын шындыққа жатқыза алмай, мұны қиялдан туған мәлімет деп есептейді. Алайда жергілікті халықтар бұны қалтқысыз шындық деп санаған. Отыrap (қазіргі Шәуілдір) жерінде Арыстан баптың кесенесінің болуы және Қ.А.Ясаудің өзінің:

Иети иашда Арсланбабам излаб табти,  
Нар сыр көриб парда бирла букуб иабти.  
«Билхамдиланы» көрдим деди изим өбти,  
Ол сабабдин алтынш учда кирдим иерга [18, 135], –

деп жазуы осы сенімнің берік сақталуына негіз болды. Арыстан баптың айрықша ұзақ жасауының себебін халық аузындағы аңыз былай түсіндіреді: «Бірде Меккеде Мұхаммед [с.а.у.] пайғамбар халықты жинап: «Менің өмірім жетер емес. Менен торт жұз жылдан кейін түркі елінен ізбасарым дүниеге келеді. Соган кім мына аманатты тапсырады?», – дейді. Сонда ортаға Арыстан бап шығып: «Мен тапсырап едім, егер ғұмырым жетсе», – депті. Ол кезде Арыстан бап ұш жұз жаста еді. Сонда Мұхаммед [с.а.у.] Алламен тілдесіп, «Ғұмырыңды созуға рұқсат берді», – деп жауап беріпті» [22, 45]. «Едігедегі» Сыныраға да айрықша міндет жүтелген. Ол – түркі бірлестіктеріне баспы болған қағандарға жән көрсету.

Жырдағы Сыныра жырау бейнесінің Ясауи іліміне қатыстылығы Арыстан бапқа ұқсастығы жөнінен ғана емес, оның есіміне де байланысты аңғарылады. Егер Сыныра жырау өмірлік тұлға болса, бұл есім оның лақап атына лайық екені байқалады. Өйткені бұл ат еткен дәуірлерде рухани ілім иелеріне берілген. Бұл туралы деректер Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-намасында» кездеседі. Бұл еңбекті жариялаушы З.Жандарбек пен Ә.Муминовтар осы жөнінде былай дейді: «Насаб-намада» айтылатын «суфра» және «суфрадарлік» терминдерінің езі екі жақты мағынаға ие болып отыр. Біріншісі, араб елдеріндегі аңыз бойынша Мұхаммад ибн ал-Ханафиядан қалған «сары орамал» кімде болса, имамдық соған өтеді деген аңызға байланысты болса, екіншісі «суфрадарлік» термині қазіргі түркі халықтарының әдет-ғұрыптың қалыптасқан, кісі қайтыс болғаннан кейін берілетін жетісі, қырқы, жылы, әруақтарға арнап құдайы беру сияқты жолжоралғылардың пайды болуына, көне түркі халықтарының діни сенімдері мен исламның әдет-ғұрыптарының синтезделуіне тікелей әсер еткен сияқты» [6, 7]. Әрине, жыраудың лақап есіміне қатыстысы – атаудың зерттеушілер көрсеткен алғашқы мағынасы. Бұл атаудың Ясауи хикметтерімен де байланысы бар.

Іу халқасы қурилди, ай, даруишлар, келиңлар,  
Хақ суфрасы йайилди, андин улуш алиңлар  
(Ху алқасы құрылды, ай, дәруіштер, келиңдер,  
Хақ дастарханы жайылды, одан үлес алындар) [18,202], –

деген хикмет жолдарындағы «суфра» сөзі қазақша «дастархан» мағынасында айтылған. Химеттегі бұл тұспал сөздің Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың:

«Жаннаттың бақшасының қасынан өтіп бара жатсандар, тамақтанындар» деп алқа зікірге мегзеп айтқан хадисінен алынғаны даусыз. Сыпыра жыраудың есімі де хал ілімінің иесі екенін танытатын лақап атау екенін осыдан білуге болады. Оны жыр да күеландырады. Ол «Сұп аяқты, сұп бөрікті, Сыпыра сыңды сұп жырау» [2, 14] деп суреттеледі. Мұндағы «сұп» сөзі – «сопы» сөзінің фонетикалық варианты. Бұл атау жырдан тыс та айтылады. Ноғайлар Сыпыра есімін «Сопбаслы», ал қарақалпақтар «Шөпбаслы» деген қосалқы атпен қосарлап айтады. Кейбір қарақалпақ зерттеушілерінің «Шөпбаслы» атын, халықтық этимологияға сүйене отырып, жыраудың басының шатын болуына байланысты шыққан деп болжауы дұрыс емес. Бұл атаулар төркінінің «сұп бөріктіден» шығатыны даусыз. Демек бұл жыраудың үнемі сопыларға тән киіммен жүретіндігінен, өзі де осы жолдың өкілі екендігінен хабар береді.

Жырдағы Сыпыра жырау – хал ілімінің қорғаушысы. Ясауи ілімі бойынша, рухани кемелдену жолына түскен тәуекел иесі торт түрлі шартты берік ұстануы керек. Ол бойынша, макан – белгілі бір «елім» деп айтатын Отаны, заман – уақыттың тыныштығы, ихуан – осы жолдағы қындықты бірге көтерісетін бауырластары, рабт-и сұлтан – Ел басшысына деген құрмет болуы керек [17, 247-248]. Осылардың бірі сақталмаса, өзгелерінің де бүтін болуы негайбыл. Сыпыра осы шарт бойынша, ханга бой ұсынуды бірінші орынға қояды. Ол сондықтан да өзі көрген атақты хандардың бәрінен де артық санаған Едігені амалсыздан өлтіруге кенес береді, жеке тұлғаны қашшама қадірлесе де, ел бақытын одан артық қояды. Бірақ жырда оның көзделегені жүзеге аспай қалады. «Едігенің» Шоқан нұсқасында Сыпыра жағы түсіп өлуі – Тоқтамыс билігінде қоғамды бақытқа жеткізетін хал ілімінің тоқтаганын көрсетеді. Бұл өлімнің рәміздік мәні бар екенін Е.Мағауин де дұрыс аңғарған. «Откен тарих күәсі Сыпиранның жағы түсіп өлуі – жұз сексен бес (ұш жұз сексен) жыл бойы сән-салтанат құрып, берік ірге тепкен ұлыстың да жарық күні батуының символы» [2, 90], – дейді ол.

Күрделі тарихи ұдерістерді бойына жинақтаған бейненің бірі – Тоқтамыс ханның әйелі. Түркілерге жауалық пигылдағы көрші мемлекеттердің хандарға қызын беру арқылы өз саясаттарын жүргізген тарихтан белгілі. Жырда Тоқтамыс хан әйелінің өзге жүрттап екені айтылмайды, бірақ оның әрекетінен аталмыш тарихи ұдерістердің көрінісі аңғарылады. Жырдың кейінгі айтушылары бұл әйелдің Едігемен жауласуын, құмарлық ниетінің қанағаттанбай қалуынан деп түсіндіргенмен, әуел бастағы эпикалық қисынның мулде басқа болғаны аңғарылады. Жыр мазмұнына тереңірек үцілсек, ханымның рәміздік сипаты бар әрекеті – қымызға (айранға) несеп қосып беруі елге құт болған тұлғаның қасиетін кетіруге, сол арқылы бүкіл хандыққа жаманыштық әкелуге бағытталған магиялық әрекет екені аңғарылады. Бұл әркеттің магиялық мәні бар екенін зерттеуші Е.Мағауин жақсы аңғарған. «Алайда, Едігенің «аруағын төмен түсіру» үшін жасалған әрекет – ханымның несебі қосылған айран ішкізу ырымы оған

## **Корғанбеков Б. «Едіге батыр» эпосындағы рухани рәміздер...**

қарсы қымыл (айранды пышақтау арқылы дуаны жою) арқылы ешқандай нәтижесіз аяқталады (...» [2, 86] – дейді ол. Бірақ жыр мазмұнынан бұл әрекеттің, Е.Магаунин айтқандай, «нәтижесіз аяқталғаны» емес, керісінше, зиянды нәтиже бергені байқалады. Бұл, бірінші кезекте, Едігенің өз сөзінен көрінеді. Ол: «Хан сарқытын ішпен-ді, Ернім желге бұлғанды» [4, 22] – дейді. Мұндағы «жел» сөзі – жындарды атауға қолданған табу. Қазақтар психологиялық аурулардың қозатын кезін «жел-құздың уақыты» деп айтады. Осының өзі сөз болған әрекеттің теріс дуа екенін көрсетеді. Ал қаһарманың «Ат берсең де, міне алмаң, Ауымнан құт кеткен-ді» [4,23], – деген сөзі бас қаһарманың теріс дуа себебінен өзіне тартқан ұл тумайтындығының, болашақта өз үрпағынан қорлық көретіндігінің болжаяуындағы айтылып тұр.

Тарихи Едігенің де рухани ілім иесі болғаны әр түрлі деректерден байқалады. Қадыргали Жалайыри да оның есіміне әулиелерге бағыштайтын «Алла оған рақымын төксін» («Рахматулла алейхи») деген дұғаны қосып айтады, қайын мақамында болғанын жазады [7, 255]. Жырда да Едігенің әулиелік сипатынан хабар беретін детальдар бар. Ол билік сұрап келгендеге: «Құдай аузыма салса, бітірермін» [4, 10], – деп жауап береді. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи хикметінде: «Ғищқ падишаһ, ғашық факир дым оралмас, Ҳақдин рухас болмагунча сузлай алмас» [18, 164], – деп айтылғандай, тек Жаратушыдан келген илхаммен ғана сойлейтін әулиеге (ғашыққа) тән сипат. Демек жырда, Ясауи іліміне орай, киелі саналатын ханның да, әулиенің де бір-біріне қарсы келіп, жаманшылыққа ұшырауының елге тигізген зардабы бейнеленген. Эпостың трагедиялық шешімі қасиетті ілім мен қасиетті тұлғаны аяқ асты етудің салдары ретінде жүзеге асқан.

«Едіге батыр» жырындағы рухани рәміздердің бәрі шығармаға арқау болған тарихи үдерістерді молырақ қамту қажеттілігінен туған. Осы рәміздер нәтижесінде эпос кейінгі өңдеуге көп бой алдырмаған. Жырдың көркемдік сипатының өзгеше болуындағы рәміздердің атқарған қызметі үлкен. Олардың дені айтушылардың еркінен тыс пайдада болған.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Магаунин Е. Ел қамын жеген Едіге. Жыр мәтіні және зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1996.
3. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. – Москва: ООО «Издательство Астрель», 2003.
4. Бабалар сөзі: Жұз томдық. Батырлар жыры. 39 т. / ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар Қ.Алпысбаева (жауапты шығарушы), П.Әуесбаева. – Астана: Фолиант, 2006.
5. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Гылым, 1993.
6. Сафи ад-дин Орын Қойлакы. Насаб-нама. Түркістан: Мұра, 1992.
7. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадыргали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991.

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 6, 2011**

---

8. Большой атлас мира. Издание четвертое, исправленное и дополненное. Сингапур: 2007.
9. Дүйсенбі А.К. Оңтүстік Қазақстанның аныздары мен әпсаналары (Отырар-Қаратату аймагы бойынша). Канд. дисс. Түркістан: 2002.
10. Эдиге // Ногайдың кырк бағтири. Ногай халқ дестанлары. Махачкала: 1991.
11. Идегей // Татар халық дастаннары. Қазан: 1988.
12. Молдахметұлы Ж. Құсбегілік өнерді қайтсек сактап қала аламыз? // Айқын. 18 актап, 2010.
13. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Фылыми зерттеу. Алматы: Ел-шежіре, 2006.
14. Кекілбаев Ә. Елдік пен ерлік киесі // Қарауба. Тарихи-танымдық жинақ. Алматы: «Өлкө» баспасы, 1997.
15. Иссасуи Қожа Ахмет. Хикметтер. (Аударған және түсініктерін жазған Ә.Жәмішұлы). Алматы: Өнер, 1995.
16. Есембеков Т. Қожа Ахмет Ясауи поэзиясын зерттеудің кейбір қағидалары // Ясауи тағылымы. Фылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы. Түркістан: «Мұра» баспа-журнал шығыны, 1996.
17. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004.
18. Иссасуи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Даналық кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи. Алматы: «Мұраттас» фылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993.
19. Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама' (сост.: Б.М.Бабаджанов, С.А.Мухаммадаминов; отв. ред. А.К.Муминов; введение, подготовка оригинального текста, приложения и указатели: Б.М.Бабаджанов, С.А.Мухаммадаминов). Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
20. Ақтансызы Ақтансызы Абдолла қазіретке айтқаны // Көне күннің жыр күмбезі / құраст. Б.Нұрдәүлетова. – Алматы: Жазушы, 2007.
21. Маргулан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // Ауэзову. Сборник статей к егю шестидесятилетию. Алма-Ата: 1959.
22. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аныз, әпсана, хикаялар (құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған, баспаға дайындаған Б.Қорғанбеков). Алматы: Эффект, 2009.

### **REZUME**

#### **B.KORGANBEKOV (Shymkent) SPIRITUAL SYMBOLS OF GERMENEVTICS IN “EDIGE BATYR ” EPOS**

**The article deals with the spiritual symbols in “Edige Batyr ” Epos, which allow to study the whole historical process of that time and important in literary characteristics of the epos.**